

IV МОДУЛЬ

ӘКІМШІЛІК
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР
ТУРАЛЫ СОТ ІСІН
ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5-сабақ Шағым қарау тәртібі бойынша қаулы



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

қолғау
орнатылған
көрсетілген уәж
келіспеушілік келтірілген
өзгеріссіз қалқыру
хаттамасымен келіспеу
алкогольдің иісі болуына бауланысты



2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

өзгеріссіз алкогольдің иісі
хаттамасымен көрсетілген
келіспеушілік



3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

22.01.2019 ----- 2019 жылғы 22 қаңтар

24.10.2020-----

19.05.2021-----

09.08.2020-----

01.09.2021-----

14.07.2020-----



4. Оқыңыз.

Алматы облысы Алақөл ауданының соты құрамында:

Судья: Н.Ш. Ағымбаева

Сот отырысының хатшысы: А.Т. Марсова

Шағым беруші: А.С. Қоулыбаев

Адвокат: Ә.Х. Есмағамбетов

Арман Сәкенұлы Қоулыбаев

Туған жылы: 01.07.1981

Туған жері: Алматы қаласы, Рауымбек ауданы, 16/1

Тіркелген мекенжайы: Қарағанды қаласы, Ә.Бөкейхан ауданы, Мамыраева көшесі, 25-үй, 41-пәтер

Жеке куәлік: №032198203, 26.09.2011 жылы берілген

ЖСН: 810701303103



5. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

жылғы _____ қазан

№ _____

Қарағанды қаласы

Қарағанды облысы Октябрь аудандық соты құралында:

Э.П. Алипова

Г.Д. Жұмағұлова

А.О.Оспанова

А.Д. Пірбергенев

Айнұр Орманбекқызы Оспанова

25.10.1986

Шымкент қаласы, Сарыағаш ауданы, 87/1

Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Гапеев көшесі, 42-үй,
35-пәтер

№032198203, 26.09.2011 жылы берілген

861025303103



6. Үлгіні толтырыңыз.

жылғы _____ мамыр

№ _____

_____ қаласы

Қарағанды облысы Октябрь аудандық соты құралында:

Судья: _____

Сот отырысының хатшысы: _____

Шағым беруші: _____

Ақвокат: _____

Туған жылы: _____

Туған жері: _____

Тіркелген мекенжайы: _____

Жеке куәлік: _____

ЖСН: _____



7. Тыңдаңыз, жалғауларын жазыңыз.

_____ -бабы _____ -бөлігінде

_____ -бабы _____ -бөлігімен

_____ -бабы _____ -бөлігімен

_____ -бабы _____ 4-бөлігімен

Кодексінің 821-822-баптарын

ӘҚБтК-нің 44-тарауының

ӘҚБтК-нің 803-бабының талаптары

ҚАУЛЫ

2019 жылғы 17 қараша

№ _____ іс

Қарағанды қаласы

Қарағанды қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында судья Н.Ш.Ағымбаеваның төрағалық етуімен,

сот отырысының хатшысы А.Т.Марсова

шағым беруші А.С.Қоңлыбаев,

қорғаушы Ә.Х.Есмағамбетовтің қатысуымен

Арман Сәкенұлы Қоңлыбаев

Туған күні: 1981 жыл 07 шілде,

тұрғылықты жері: Қарағанды қаласы, Рауымбек көшесі, 10 үй 2 пәтер, тұрғылықты жері бойынша тіркелу туралы деректер:

жұмыс орны: жұмыссыз,

жеке басын куәландыратын құжат: жеке куәлік №05500000,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен 2019 жылғы 26 қыркүйекте берілген,

ЖСН: 801021302255

08.11.2019 жылғы № 1369953 санды әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамасына шағымын қазақ тілінде, қыбыс-бейне жазба құралдарын пайдалана отырып, ашық сот отырысында қарап,

АНЫҚТАДЫ

08.11.2019 жылы полиция қызметкері инспектор Е.Жолдасов Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі-ӘҚБтК-нің) 613-бабы 4-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық бойынша А.С.Қоңлыбаевқа қатысты №1369953 санды әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамасын жасаған.

Шағымданушы А.С.Қоңлыбаев 08.11.2019 жылғы әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамасымен келіспей, шағымында Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 613-бабы 4-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық құралының болмауына байланысты өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі өндірістен тоқтатуды сұраған.

Сот іс-құжаттарын зерделеп, анықталған жағдайларға баға беріп, іске қатысушылардың түсініктемелерін тыңдап, төмендегі тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 804-бабына сәуікес, ішкі істер органдарымен Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 613-бабы 4-бөлігімен әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар.

Сот шағымды қарау барысында Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-де көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша хаттаманың күшін жою негіздерін анықтамады.

Осыған орай, сот, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманың күшін жоюға ешқандай негіз жоқ деп, А.С. Қоңлыбаевтың шағымы қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады деп есептеді.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 821-822 -баптарын басшылыққа алып, сот

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Арман Сәкенұлы Қоңлыбаевтың шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

08.11.2019 жылғы №1369953 санды әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама өзгеріссіз қалдырылсын. ҚР ӘҚБтК-нің 829-бабының талаптарына сай қаулының көшірмесін алған кезден бастап он тәулік ішінде шағым немесе наразылық келтірілуі мүмкін.

Судья:

Н.Ш. Ағымбаева